

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
мемлекеттік қызмет көрсету туралы есеп**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай жоғары политехникалық колледжі" КМҚК Мемлекеттік қызмет көрсетудің жеті түрі жүзеге асырылады:

1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

2) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;

4) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;

5) Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру.

6) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (өту) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдауды жүзеге асыру;

7) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну.

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" қызметі өз жатақханамыздың болмауына байланысты көрсетілмейді. Жатақханаға мұқтаж колледж білім алушыларына колледждің әлеуметтік қызметі "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпаратты жеткізеді. Колледж студенттері "Қостанай жоғары политехникалық колледжі" КМҚК-мен Академик З.Алдамжар атындағы «Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті» мекемесі арасындағы тұрғын үй жайларын жалға алу шартына сәйкес мекеменің жатақханасында тұруға мүмкіндіктері бар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның телнұсқаларын беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 ақпанда № 10348 болып тіркелді.

01.01.2021-21.12.2021 жыл аралығында техникалық және кәсіптік білім туралы дипломның 27 телнұсқасы берілді, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:

ХҚКО - дипломдардың 12 телнұсқасы;

Қағаз түрінде - дипломдардың 15 телнұсқасы.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 6 қарашадағы № 627 бұйрығының негізінде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 желтоқсанда № 12417 болып тіркелді.

2022 жылғы қаңтар-тамыз аралығында 12 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:

ХҚКО: білім алушыларды қайта қабылдау қалпына келтіру бойынша 4 мемлекеттік қызмет

Қағаз түрінде: білім алушыларды ауыстыру бойынша 8 мемлекеттік қызмет.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" қызметін қабылдау комиссиясының мүшелері жүзеге асырады. .

Колледждің қабылдау комиссиясының қызметі білім беру Заңын, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарын, басшылыққа алады, «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау» Ережесінің "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1 қосымшасының негізінде жүзеге асырылады.

ТжКОББ ұйымында оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусым мен 18 тамыз аралығында және конкурсқа қатысу үшін ТжКОББ базасында 20 тамызға дейін жүзеге асырылды. Конкурс аттестаттың бейіндік пәндерінің конкурстық балы бойынша білім басқармасының ақпараттық жүйесімен өткізілді. Биыл құжаттарды электронды форматта қабылдау "Смарт" электрондық колледжінің ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Құжаттарды тапсыруды талапкерлер өз бетінше немесе талапкерлер колледждің қабылдау комиссиясының техникалық хатшыларына жүгінген кезде жүзеге асырды.

Құжаттардың тізбесі

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін).

Порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық түрдегі білім туралы құжат;

3) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманың, I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 031-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері;

4) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Колледжде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру мемлекеттік қызмет көрсету жүзеге асырылады. ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 ж. № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 наурызда № 10475 болып тіркелді.

2021 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында 3 академиялық демалыс берілді, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:

ХҚКО: 3 академиялық демалыс.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (өту) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру

бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

2021 жылғы қаңтар – желтоқсан айлары аралығында "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация) арқылы колледж педагогтерін аттестаттау бойынша 13 Мемлекеттік қызмет көрсетілді, "педагог-зерттеуші" санатына 4 өтініш, "педагог-сарапшы" санатына 3 өтініш, "педагог-модератор" санатына 6 өтініш берілді.

2022 жылғы қаңтар- қыркүйек аралығында Мемлекеттік корпорация арқылы колледж педагогтерін аттестаттау бойынша 25 мемлекеттік қызмет көрсетілді, "педагог-шебер" санатына 3 өтініш, "педагог-зерттеуші" санатына 10 өтініш, "педагог-сарапшы" санатына 6 өтініш, "педагог-модератор" санатына 6 өтініш берілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Бұйрыққа сәйкес колледж азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге;
- аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге, АӘК алушыларға;
- көп балалы отбасылардан шыққан студенттерге.

2021 жылғы қаңтар- маусым аралығында 349 мемлекеттік қызмет көрсетілді.